

4-ші шығарылым		29.03.2024
WD-PLC-10	Еңбекті қорғау, денсаулықты сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы Саясат	1-ші бет

Бекітілді:

«West Dala» «Вест Дала» ЖШС-нің
Бас директоры
К.Ш. Салахаденов
«29» наурыз, 2024ж.



«Вест Дала» ЖШС, қалдықтармен айналысу саласындағы сервистік компания бола тұра, өз қызметін жүзеге асыру барысында қызметкерлердің еңбегін қорғау, денсаулығын сақтау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне бірінші дәрежелі мән беретіні туралы мәлімдейді.

«Вест Дала» ЖШС қауіпсіздік және денсаулық үшін қолайлы еңбек жағдайларының қамтамасыз етуге және жұмысқа байланысты өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың туындау тәуекелдерін болдырмауға міндеттеме алады. Көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «West Dala» «Вест Дала» ЖШС және жұмыскерлерден бастап басшыларға дейін барлық қызметкерлер өздеріне мынадай міндеттемелерді қабылдайды:

- Өз қызметін қолданыстағы заңнамаға және еңбекті қорғау, денсаулықты сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы өзге де қабылданған міндеттемелерге сәйкес жүзеге асыру.
- Адамдарды, активтерді және ақпаратты ішкі және сыртқы қатерлерден қорғауға мүмкіндік беретін жұмыс жағдайларын қамтамасыз ету.
- Еңбекті қорғау, денсаулықты сақтау және қауіпсіздік саласында қауіп-қатерлерді жою және тәуекелдерді азайту.
- Компания қызметкерлерін тұрақты оқытуды ұйымдастыру, олардың біліктілігін арттыру, еңбекті қорғау, денсаулықты сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету деңгейін жақсарту мәселелерінде бастама көрсету үшін жағдайлар жасап, қызметкерлерді компанияның интеграцияланған басқару жүйесін жетілдіруге тарту, әр қызметкердің еңбекті қорғау, денсаулықты сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында өз маңыздылығын, ұйымдағы орнын және рөлін түсінуге ықпал ету.
- Жұмысқа қатыстырылған қызметкерлердің денсаулығы үшін жолбергісіз қатер болып табылатын қандай да бір өндірістік процесстерді пайдалануға, әзірлеуге және енгізуге жол бермеу.
- Еңбекті қорғау, денсаулықты сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы жағдайын жақсарту мәселелері жөніндегі уәкілетті өкілдер арқылы қызметкерлермен кеңестер өткізу және олардың талқылауға қатысуын қамтамасыз ету.
- Еңбекті қорғау, денсаулықты сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заманауи талаптарды, нормаларды және қағидаларды ескере отырып технологиялық процесстерді, технологияларды, қондырғыларды енгізу және жетілдіру.

Осы Саясатты іске асыру негізі ISO 9001, ISO 14001 және ISO 45001 халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес компанияның интеграцияланған басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуі және оны үздіксіз жетілдіруі болып табылады.

«West Dala» «Вест Дала» ЖШС-нің жоғары басшылығы өзінің осы Саясатқа сөзсіз жеке бейілділігін көрсете отырып, еңбекті қорғау, денсаулықты сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы міндеттер мен мақсаттарды жүзеге асыру үшін жауапкершілікті өзіне алады.

Компанияның немесе Мердігерлік ұйымның әр қызметкері жұмысты ары қарай жалғастыру қызметкерлерге, қоршаған ортаға немесе өз денсаулығы үшін қатер төндіреді деп есептесе, ол кез келген жұмысты тоқтата тұруға құқылы.

Жоғарыда аталған қағидаттарды үздіксіз жетілдіру мақсатында оларды іске асыру нәтижелерін тексеру және мерзімді талдау.

Осы Саясат Компанияның, Мердігерлік және Қосалқы мердігерлік ұйымдарының барлық қызметкерлері назарына жеткізіледі және еңбекті қорғау, денсаулықты сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарды қою үшін негізі болып табылады.